ЖАҢАЛЫҚТАР

Дымерде Ресей шабуылынан қаза тапқандар саны 11 адамға жетті

23 қараша 2026 жыл, 12:55



Ресей күштерінің әуе шабуылынан ішінара қираған көпқабатты тұрғын үйдің орнында жүрген құтқарушылар. Украина, Киев облысы, Дымер кенті, 22 қараша, 2026 жыл

Украинаның Киев облысы Дымер кентінде ресейлік әуе шабуылынан қаза тапқандар саны 11 адамға жетті деп хабарлады аймақ билігі.

Ресми мәлімет бойынша, құрбан болғандар арасында кішкентай қыз бала бар. 7 адам зардап шеккен, оның екеуі – бала. Тағы екі адам хабар-ошарсыз кеткендер қатарында.

Ресей күштерінің әуеден жасаған шабуылы салдарынан бес қабатты тұрғын үй ішінара қираған еді. Үйдің орнында іздестіру-құтқару жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Құтқарушылар үйінді астынан 79 жастағы әйелді алып шыққан.

21 қараша кешке Ресей дроны Киев облысындағы Вышгород қаласына жақын Дымер елді мекеніндегі бес қабатты тұрғын үйге түсіп, салдарынан ғимараттың бір бөлігі қираған.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Киев облысында соққыдан үйдің кіреберісі қирады: үйінді астында адамдар болуы мүмкін

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған